

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРСЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
атты Қазақстан Республикасының гылымның қызметкері күніне арналған  
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен  
студенттердің гылыми конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**12 сәуір 2013 жыл**

**VI Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодной Межвузовской научной конференции  
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника  
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

**12 апреля 2013 года**

**VI Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**  
д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**  
к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина  
к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов  
старший преподаватель М.Е. Акболатова  
магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

**А** **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминастики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 250 с.

### **ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминастики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминастики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминастики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК**  
**ББК**

ISBN

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

**Жакипбекова М.О.,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
зан факультетінің 2 курс студенті**

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті зан факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының асистенті Арын А.А.*

## **СОТ БАЛЛИСТИКАСЫ ОБЪЕКТИЛЕРІНІҢ БІРІ – АТЫС ҚАРУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Сот баллистикасы криминалистикалық техника бөліміне жатады.

Баллистика (гр. сөз. «*balle*» - «лақтырамын») – оқ және бытыраның қозғалысы мен жылдамдығын зерттейтін ғылым. Баллистика сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді. Ишкі баллистика қару оқпанындағы оқтың қозғалысы. Сыртқы баллистика кеңістіктегі оқтың қозғалысы болып келеді [1].

Баллистика жөнінде алғашқы еңбекті («Жаңа ғылым» деп аталатын) 1537 жылы италиялық математик Н.Тарталья (1499 —1557) жазды. Кейін Бының әр түрлі мәселелерін Г. Галилей, И.Ньютон, Л.Эйлер, т.б. зерттеді. Италия физигі Э.Торричелли (1608—1647) және француз М.Мерсенн снаряд қозғалысы жөніндегі ғылымды “Баллистика” деп атауды алғаш рет 1644 жылы ұсынды. Әйтсе де, ежелгі соғыс құралдарының, соның ішінде садақтардың, жебелердің қолданылу орны мен ретіне қарай түрліше болып келуі баллистика заңдылықтарымен есептесудің көне замандардан бастау алатындығын көрсетеді [2, 3].

Сот баллистикалық зерттеу объектісі болып негізінен ату және атылу мүмкіндігімен байланысты заттай дәлелдемелер табылады. Зерттеу объектілері келесідей топтарға бөлінеді:

- 1) атыс қарулары;
- 2) оқ дәрі жабдықтары (патрондар), шикі заттары, материалдары, қару-жарақ пен оқ-дәріні дайындау кезінде қолданылған құралдар;
- 3) ату құралдарын қолдану іздері.

Соның ішіндегі біздің қарастыратынымыз ол атыс қарулары және атыс қаруларын сараптама кезінде қандай қыншылықтар туындалатынын айта кетеміз.

Атыс қаруы (Стрелковое оружие) — атысты оқпен жүргізетін оқатар қару. Ол жеке және топтық болып бөлінеді. Жеке атыс қаруы сарбаздың, сержанттың немесе офицердің жеке қаруына кіреді (карабин, автомат, пистолет). Топтық атыс қаруы сарбаздар тобы қолданады (пулеметтер). Қазіргі атыс қаруы, негізінен, автоматтық (қайта оқтау оқ-дәрі газы энергиясының есебінен іске асады). Автоматтық емес қарулар да бар (қайта оқтау атуышының күшімен іске асады). Атыс қаруы жоғары атыс жылдамдығымен, жақсы дәлдігімен, атыстың жақсы шоғырлануымен, оқтың жеткілікті жойғыш күшімен ерекшеленеді. Атыс қаруы салмағы мен

өлшемінің ыңғайлылығы оны орларда, байланыс жолдарында, елді мекендерде, ормандар мен тауларда және т.б. пайдалануға мүмкіндік береді [4].

Атылатын қару-жарақ құралы төмендегідей әртүрлі негіздер бойынша топтастырылады:

Атыс-қарулары қолдануына байланысты: Жауынгерлік – нақты күшпен соғыс техникасын жою үшін пайдаланатын қару-жарақ; Оқулық – қару-жарақтың құрылышын білу үшін және ешқандай ату әрекеттерін жүргізбестен, қалай қалай ату қажеттігін оқып үйренуге арналған; Спорттық – арнайы жарыс спорттарында қолданылатын ату құралы; Аңшылық – аң-құс аулау үшін қолданылатын кәсіптік және әуестік қару-жарақ құралдары.

Ату кезінде қаруды ұсташа мен басқару әдісі бойынша: -тапанша; -револьвер; -винтовка; -карабин; -автомат; -тапанша-пулемет; -мылтық болып бөлінеді.

Атыс қаруларын сот баллистикалық сараптама кезінде көптеген қыыншылықтар тудырады.

Сот-сарапшылық баллистикалық зерттеу көбінде адамның жеке басына қарсы, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылымы негіздері мен мемлекет қауіпсіздігіне қарсы, меншікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ әскери қылмыстар бойынша жүргізіледі.

Сот баллистикалық сараптаманың тақырыбы манарапарды қамтиды:

- заттарды атыс қаруына, оқ-дәрілерге жатқызу фактісін;
- атыс қаруы данасының жарамдылығын (жарамсыздығын) және қарудың атуға жарамдылығын;
- атыс қаруы данасынын, дайындау тәсілін немесе онын күйінің өзгеруін;
- атыс қаруы данасынын, оқ-дәрілердің түрі, моделі, маркісі, калибрін;
- атыс қаруы данасының жекелік тепе-тендігін;
- атыс қаруы бөліктерінің оның нақты данасына катыстырылуын;
- атыс қаруы мен оқ-дәрілердің шығу көзін;
- атыс қаруын пайдалану шарттарын анықтаумен байланысты іс жағдаяттарын арнайы ғылыми білім негізінде анықтау болып табылады.

Сараптаманың объектілері:

- бүтіндей атыс қаруы және оның жеке бөліктері;
- оқ-дәрілер - оқтар, кәртеш, бытыра, гильзалар, тығындар, төсемдер, капсюльдер және басқалары;
- газды қару;
- қару мен оқ-дәрілердің қайтаратын заттар — атылған снарядтар (оқтар, бытыра, кәртеш), гильзалар, тығындар, төсемдер, сондай-ақ

жәбірленушінің киімдерівдегі зақымдар және оқиға орнындағы заттар (тесіп ету жерлері, рикошет іздері);

- атыс қаруы мен патрондар жарақтары құрауыштарын дайындауга пайдаланылған күрал-саймандар;
- оқиға орнының заттық күйінің элементтері;
- салыстырмалы зерттеуге арналған үлгілер;
- сараптама тақырыбына жататын өзге де іс материалдары.

Сот баллистикалық сараптама объектілерінің әр алуандығын ескергенде, ол мына түр тармақтарына жіктелуі мүмкін атыс қаруының (оның бөліктерінің) сараптамасы;

- оқ-дәрілер сараптамасы;
- газды қару сараптамасы;
- атылыс іздері мен жағдаяттары.

Қару және оның түсінігі, сондай-ақ оқ-дәрілер түсінігі Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы «Қарудың жеке түрлері айналымына мемлекеттік бақылау туралы» №339-1 Заңында келтірлген.

Заңның 1-бабы 2) тармақшасында оқты, снарядты, гранатаны ұнғыдан шығару дәрінің немесе өзге зарядтың әсері. нәтижесінде болатын каруды қару деп анықтама берілген.

Кінәлі адамдардың іс-әрекеттерін дұрыс жіктеу үшін қарудың топтық сипаттамаларын анықтаудың маңызы бар, ал бұл әр түрлі негіздер бойынша қарудың толықтай әзірленген жіктеулерін есепке алған кезде мүмкін болады.

Осы Заңның 9) тармақшасында оқ-дәрілер (патрондар) құрылғы немесе қарудың тиісті түрінен атуға және нысананаға тигізуге конструктивті арналған заттар ретінде белгіленген [5].

Криминалистикада мына төмендегі қажетті белгілері болғанда

Дәрінің немесе басқд да жарылыс заттарының көмегімен ату не жарылыс жасау арқылы нысананы зақымдауға арналған; снарядпен (атыс қаруымен оқ атқан кезде), жарқыншакпен не фугастық, терминалық не әзге де әсер ету арқылы зақым келтіретін; заттың құрылымының және нысананы зақымдауда (дene жарақатын салу, кедергілерді қирату және т.б.) нақтылы мүмкіндікті камтамасыз ететін жарылғыш заттың заряд қуат-тылдыры болатын; тұтанғыштық құрылғысы болатын; бір рет пайдалану сипаты бар заттар оқ-дәріге жатқызылады.

Демек, криминалистік тұрғыдан қарағанда, нысананы тікелей снарядпен, жарқыншакпен не фугастық, терминалық не өзге де әсер ету арқылы зақым келтіруге арналған, дәрінің немесе тұтанғыштық құрылғысы бар басқа да жарылғыш заттың жарылысы нәтижесінде және өзінің нысананы зақымдауда нақтылы мүмкіндікті камтамасыз ететін құрылымы мен заряд қуаттылдыры бар бір реттік әрекет ететін қүралдар (заттар) оқ-дәрілерге жатқызылады.

Атылыстың негізгі іздері — ол снарядтан пайда болған зақымдаулар. Кедергімен түйісу сәтіндегі снарядта болған энергиясына, оның соккы бағыты мен кедергі касиеттеріне байла-нысты объектіде өтпелі немесе өтіп кетпеген зақымдар пайда болуы мүмкін. Кедергіге еніп кеткен снарядтан

пайда болған зақымдар етпелі зақымдар болып табылады. Олар тесіп өткен және соқыр зақымдар болуы мүмкін. Тесіп өткен зақымдар снарядтың кедергіден етіп кетуінен пайда болады. Ол кірген және шығып кеткен тесіктері бар арна түрінде болады. Ок кедергіде қалып қалғанда, соқыр зақымдар пайда болады. Олар бір кіру тесігі бар арна ретінде болады. Соқыр арнаның соңында снаряд тұрады.

Кедергіге еніп кетпеген снарядтан пайда болған үстіңгі беттегі зақымдар етіп кетпеген зақымдар болып табылады. Оларға аз ғана терендіктегі жаншылу, жанай тиген зақымдар және рикошет іздері жатады. Жанай тиген зақымдарды снаряд объектінің шетіне тигенде немесе оның үстіңгі бетімен өткен кезде жасайды. Рикошет іздері снарядтың кедергіге соғылғанында, оның бір үстіңгі бетке соғылып кері қайтып (кейін қайту) және езінің бастапқы ұшу бағытын өзгертуенде пайда болады. Атылыстың қосымша іздері — атылыспен бірге ілесетін күбылыстардың әрекеті нәтижесінде пайда болатын іздер. Мұндай іздердің пайда болуына дәрі газдары, ауа бағаны, ұнғы жалыны, дәрі ұнтағы, капсюль кұрамының жайылу енімдері, майлау белшектері мен баска да заттар аса елеулі рөл атқарады. Атылыспен бірге ілесетін күбылыстардың әсер ету нәтижесінде кедергіде жарым-жартылай қираву, шарпу мен кую, дәрі ұнтағының калуы, ыс, майлар, үйкелу белдеуі, қару бөліктерінің із-таңбалары пайда болуы мүмкін.

Газды патрондармен ату үшін қолданылатын қару, негізінде, Қолдағы бар ойықты қысқа ұнғылы атыс қаруының дәл көшірмесі болып табылады. Көп жағдайларда, мұндай карудың металл бөлшектері морт сынғыш металдардан жасалады. Газды патрондармен ату үшін қолданылатын тапаншалар автоматты қару болып табылады, өйткені ондағы кайта оқтау мен келесі атуға дайындық бірінші атылыстан соң дәрі газдары әрекеті есебінен жузеге асырылады.

Тапаншалармен қатар, өзін-өзі қорғау үшін газды және сигнал беретін патрондармен атуға арналған әр түрлі модельдегі револьверлер пайдаланылады. Газды патрондардың мақсаты кристалды белсенді заттың атуы кезінде 3-метрге дейінгі кашықтыққа лақтыру. Өзінің біршама арзандығы, құрылымының карапайымдылығы, колданудың көптігі мен тиімділігі жағынан кең қолданатын, өзінің құрамында ТӘУЗ-і бар аэрозольді баллондар болып табылады.

Сот баллистикалық сараптаманың ғылыми-әдістемелік негіздері атылыс процесі және оқ-дәрі курауыштары мен кедергілерде іздердің қалыптасу зандылықтары бар сарапшылық білім саласын курайды. Сот баллистикалық сараптамасы әдістемесіне криминалистік, баллистикалық, физикалық, химиялық, математикалық, техникалық және өзге де әдістер кіреді.

Сараптаманың шешуіне қойылуы мүмкін сұрақтардың ауқымы  
Атыскаруына сараптама тағайындалған кезде

- 1) Зат атыс қаруына жатады ма
- 2) Зерттеуге усынылған қару қандай түрге, ұлгіге (модельге) жатады

3) Қару немесе оның жеке бөлшектері қандай тәсілмен (өнеркәсіптік, қоддан) дайындалған Қару құрылғысына езгертулер енгізілген бе, егер солай болса, онда қандай өзгертулер, қандай мақсатпен, қандай тәсілмен енгізілген

4) Зерттеуге ұсынылған қару жарамды ма, егер жарамсыз болса, оның жарамсыздық себебі неде

5) Зерттеуге ұсынылған қару атуға жарамды ма

6) Осы қарумен белгілі бір калибр снарядымен ату мүмкін бе

7) Осы қарудан ең соңғы атылыс қандай снарядтан (ок, бытыра, кәртеш) атылған

8) Осы қарудан атканнан кейін қанша уакыт өткен

9) Зерттеуге ұсынылған қару қайта жасалған ба, жасалса, онда қандай тәсілмен жасалған

10) Зерттеуге ұсынылған қаруда оның күйін өзгерту фактісін күеландыратын іздер (нөмірін жою, бөлшек материалын өзгерту және т.б.) бар ма

11) Осы қаруды дайындау кезінде қандай материаддар, заттар пайдаланылған

12) Қарудың осы данасын дайындаған адамның қандай кәсіби білік-дағдылары бар

13) Зерттеуге ұсынылған қарудың ату шуріппесін баспайақ (белгілі бір нақты жағдайларда) атуға бола ма

14) Қарудың беліктері мен бөлшектері бұрын біртұтас дананы қураған ба [6].

Сот баллистикалық сараптаманы тағайындау үшін материалдарды дайындаудың ерекшеліктері. Атыс қаруы сараптамаға сол қолға түсіру сәтінде болған түрде ұсынылады.

Егер қауіпсіздік үшін тасымалдау кезінде қарудың оғы алып тасталынса, онда ондағы патрондардың саны мен орналасуын бұлжытпай сипаттау керек. Сарапшының алдына атылыстың өздігінен болу мүмкіндігі туралы сұрақты қойған кезде қаруды бөлшектеу рұксат етілмейді [7].

Хаттамада қару және қолға түсіру мен сақтаудың жағдайлары толық сипатталуы керек.

Қаруды тасымалдау кезінде зақым келмейтін етіп буып түйген жөн. Бөтен заттардың әсері мен дәрі газдарының шығып кетуін азайту мақсатында қарудың үнғы жағына қандай да бір қорғаныс құрылғысы кигізіледі [8].

Сұрақтарды қою кезінде мынаны ескеру керек қолдан жасалған қаруға оның жарамдылығы туралы емес, оның атуға жарамды жарамсыздығы туралы сұрақ қойылу қажет.

Атыс шуріппесін баспай ату мүмкіндігі туралы сұрақ, қойылған жағдайда, тексерілетін ақпараттан шыға отырып, сұрақта нақты шарттарды (қару құндағын катты затқа соққанда, мылтық құлап қалған кезде өздігінен атылу мүмкін бе) көрсету керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- [1] Е.Ф.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат «Криминалистика» оқулық, Алматы «Қазақ Университеті» 2005 жыл \*98 б
- [2] Граве И.П., Внутренняя баллистика. Пиродинамика, Л., 1933 — 1937, вып. 1 — 4
- [3] Қазақ Энциклопедиясы
- [4] Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы:"Мектеп" ААҚ , 2001
- [5] Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы «Қарудың жеке түрлері айналымына мемлекеттік бакылау туралы» №339-1 Заны.
- [6] Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2002 жылғы 24 Казандағы № 158 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында сот сараптамалары зерттеулерді жүргізу жөніндегі Нұскаулық.
- [7] Бычкова С. Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы Теория и практика судебной экспертизы. Алматы, 1999. Т. 1.
- [8] ЖукА. Б. Энциклопедия стрелкового оружия. М. Военное издательство, 1998.

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абен Т.А.</b> Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....
<b>Абузярова З.</b> Софистика в современном мире.....
<b>Адамбеков А.А.</b> Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....
<b>Айтжанов Ш.Қ.</b> Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....
<b>Акимова Н.М.</b> Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....
<b>Алшымбаев А.М.</b> Қазақстан Республикасының Прокуратурының қылмыстан сақтандырушы құрылым.....
<b>Алыбаева А.М.</b> Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....
<b>Амир А.</b> Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....
<b>Асмат С.</b> Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізу degi маңызы.....
<b>Асубаева А.С.</b> Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізу дің тәртібі.....
<b>Ауельбеков Д.</b> Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....
<b>Ахметова А.</b> Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....
<b>Ашимова А.</b> Развитие риторики казахского народа.....
<b>Аязбаев А.Н.</b> Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....
<b>Әбдіқожаева А., Базарлинова А.</b> Адвокатураның мәртебесі.....
<b>Байбосынова А.</b> Казахские бии средних веков.....
<b>Байдалина М.</b> Фальшивомонетничество.....
<b>Бурдина К.</b> Допрос как разновидность общения.....
<b>Ганиев А.А.</b> Құқықтық реттеудің қағидалары.....
<b>Дәуқараев Ұ.Ұ.</b> Мал ұрлығы.....
<b>Дәuletқалиева Н.М.</b> Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....
<b>Ділімбетова Ұ.Б.</b> Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....
<b>Джаугаштина А.К.</b> Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....
<b>Дүйсенқұл А.Ғ.</b> Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....
<b>Ем М.</b> К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....
<b>Жакипбекова М.О.</b> Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....
<b>Жаксыбеков Б.Б.</b> Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....
<b>Жангабылова М.Г.</b> Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....

<b>Исаев К.</b> Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	
<b>Исина М.Ж.</b> Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
<b>Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С.</b> Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
<b>Каримова М.</b> Специфика судебной речи.....	
<b>Карин А.</b> Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
<b>Кемелхан Д.</b> Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізуіндің негізгі талаптары.....	
<b>Қадырбаева Г., Нургазина Б.</b> Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
<b>Қапар Д.</b> Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
<b>Қуатбекқызы Г.</b> Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
<b>Қырғызыбаева А.</b> Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
<b>Мади Г.</b> Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
<b>Макрушин А.О.</b> Тактика обыска и личного обыска.....	
<b>Макрушин А.О.</b> Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
<b>Малахинов Э.В.</b> Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
<b>Мухамедиев М.Н.</b> Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
<b>Мырзакулова М.Б.</b> Тергеу қарауын жүргізуіндің кейбір ерекшеліктері.....	
<b>Нариманов Ә.М.</b> Қазақстан Республикасында терроризммен құресудің шаралары.....	
<b>Нургазина Б.Х.</b> Криминаликалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
<b>Nurgaliyeva A.</b> Memoir. Female crime and its prevention.....	
<b>Нуржанова А.С.</b> Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
<b>Өрісбаева З.Т.</b> Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
<b>Райымбергенова К.Т.</b> Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
<b>Рахиева Ж.С.</b> Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
<b>Рысқұл Н.</b> Криминаликалық фотография.....	
<b>Сағынбаева Ә.Е.</b> Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
<b>Саламатов Ш.</b> Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстырылыштың алдын алушағы рөлі.....	
<b>Салимов А.Б.</b> Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
<b>Серікбаев А.М.</b> Қор қордың зияндылығы.....	
<b>Сулейменова А.С.</b> Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	

<b>Тасбаев Ш.</b> Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....
<b>Темиржанова Г.</b> Криминологическая характеристика организованной преступности.....
<b>Тәлей М.С.</b> Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....
<b>Темирова А.Е.</b> Этика адвоката.....
<b>Төлмұратова А.Т.</b> Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....
<b>Ужахов А.А.</b> Допрос как средство доказывания.....
<b>Федоренко Я.</b> Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....
<b>Халан С.</b> Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....
<b>Хильман А.И.</b> Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....
<b>Шамбулов А.</b> Жедел-іздестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....